



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Алакөл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№27 (8113) 06. 07. 2024.
Сенбі / Суббота

Аудан әкімі А. Абдиновтың Астана күнімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті Алакөл ауданының тұрғындары!

Бейбітшілік пен келісімнің ордасына айналған Астана күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Астана бүгінгі күні еліміздің бойтұмарына айналып, тұрақты дамудың, өсу мен өркендеудің даңғыл жолына түсті. Халықты біріктіретін Отанымыздың орталығы, ұлттық идеясы.

Астана береке бірлігіміздің ұйытқысы, айбыройымыздың айғағы. Қазіргі Астана – саяси көшбасшылар, іскер серіктестер мен инвесторлар, діндер мен конфессия өкілдері, зиялы қауымның кездесіп кеңес құратын орны, шығармашылық жоспарларды, идеялар мен батыл бастамаларды жүзеге асыратын алаңы.

Қазіргі заманғы әлеуметтік мәдени және экономикалық мәселелер, саясат, дін жөніндегі кездесулер өтетін еуразиялық кеңістік орталығы. Мереке қарсаңында Сарыарқа төріндегі Елордамызда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдерінің самиті өткізілуде. Самитте еліміздің сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықтың өзекті мәселелердің оң шешімін таппақ. Бұл самит еліміз үшін экономикалық дамудағы маңызды қадам болмақ.

Қадірменді ағайын!

Біздің мақтанышымыз, Отанымыздың жүрегі, ару Астана – қарыштап дамыған мемлекеттің символы.

Баршаңызды Астана күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге береке-бірлік пен таулық тілеймін!

Астана қайталанбас келбетімен, көз тартар сұлулығымен және ұшқыр жаңашылдығымен баршамызды қуанта береріне сеніміміз мол.

Мереке құтты болсын!

ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А. Абдинова с Днем Столицы

Уважаемые жители Алакольского района!

От чистого сердца поздравляю Вас с Днем столицы, ставшей символом мира и согласия!

Сегодня Астана стала талисманом страны, проспектом роста, процветания и устойчивого развития. Это центр нашей Родины, объединяющий народ, а также ее национальная идея.

Астана является источником единства, свидетельством нашего достоинства. Современная Астан - место встречи политических лидеров, деловых партнеров и инвесторов, представителей религий и конфессий, интеллигенции и созидания советов, площадка для реализации творческих планов, идей и смелых инициатив.

Центр евразийского пространства, где проходят встречи по самым современным социокультурным и экономическим вопросам, политике, религии. В преддверии праздника в столице Сарыарки проходит саммит членов Шанхайской организации сотрудничества. На саммите будут найдены решения торгово-экономических и культурно-гуманитарных вопросов. Этот саммит станет для нашей страны важным шагом дальнейшего экономического развития.

Уважаемые алакольцы!

Наша гордость, сердце нашей родины, столица Астана - символ динамично развивающегося государства.

Поздравляя всех с Днем столицы, желаю крепкого здоровья, семейного благополучия, процветания и мира нашей стране!

Мы уверены, что Астана будет радовать всех своим неповторимым обликом, ослепительной красотой и яркими инновациями.

Пусть будущее нашей страны будет светлым и перспективным.

С праздником!

Журналисттерді қабылдады



Журналисттер – қоғам айнасы, бұқара мен билік арасындағы алтын көпір. Қалам ұстаған қауым өкілдерінің адал еңбегі – мемлекеттің өркендеуіне де тікелей әсер етері сөзсіз.

28 маусым – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің төл мерекесіне орай аудан әкімінің орынбасары Мәулен Төлеужанов ауданда осы салада қызмет етіп жүрген азаматтардың басын біріктіріп, марапаттарын да ұсынды.

Сөз алған М.Төлеужанов: «Қазіргі күніне қырық құбылған қоғамда ақпараттың ақ-қарасының аражігін ажыратып, халықты адастыруға емес, жақсылыққа

қарай жетелейтін – журналистер. Сіздердің иыққа артылған жүктің салмағы ауыр, сұрауы мол. Әрқашан өзекті мәселені екі жақты саралап, нақтылығын, ақиқатын айту міндеттеріңіз», - дей келе, жиналғандарды мерекемен құттықтап өтті.

«Алакөл» аудандық газетінің бас редакторы Алматы Есенбеков журналистік қызметтің басты принциптері мен міндеттерін айтса, блогер Дидар Мукенов өз саласындағы артықшылықтар мен ерекшеліктерге тоқталды.

Артынша М.Төлеужанов облыстық «Вестник Жетісу» газетінің меншікті тілшісі В.Воробьевқа, «Алакөл» газетінің бас редакто-

ры А.Есенбековке аудан әкімінің Құрмет грамотасын, «Алакөл» аудандық газеті бас редакторының орынбасары Ш.Нукебаеваға, дизайнер М.Жақыпбароваға, аудан әкімінің баспасөз хатшысы А.Мұратқа және блогер Д.Мукеновқа Алғыс хаттар мен ақшалай сертификаттар ұсынды.

Сонымен қатар газетпен етене жақын қызметі үшін аудандық газет тарапынан аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Б.Айтахметовқа және аудан әкімінің баспасөз хатшысы А.Мұратқа Құрмет грамоталарын табыстады.

Өз тілшіміз.

Мерейлі отбасылар марапатталды

Халқымызда «Отан – отбасынан басталады» деген дана сөз бар. Біз үшін атамекен, туған жер, қара шаңырақ, отбасы ұғымдары – әрқашан биік тұрады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев: «Әрбір адам үшін ұшқан ұясының орны бөлек. Өскелең ұрпақтың отбасында тәлім-тәрбие алып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруі өте маңызды», – деген болатын.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қала, ауылдық округтерден 49 өтінім қабылданып, 19 отбасының жұмыстары аудандық іріктеу кезеңінің комиссия отырысында қаралып, әділ қазылардың төрелігімен шешім шығарылды.

Осыған орай, З.Қойшыбаева атындағы мәдениет үйінде «Ме-

рейлі отбасы-2024» ұлттық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Жиында аудан әкімінің орынбасары М. Төлеужанов мерейлі отбасының маңыздылығына тоқталып, барша байқауға қатысушы отбасыларға жылы лебізін жеткізді.

Алакөл ауданы бойынша «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қорытындысы бойынша, 1 орынды Бескөл ауылдық округінен Қибатаевтар отбасы, 2 орынды Екпінді ауылдық округінен Қыстаубаевтар отбасы, 3 орынды Бескөл а/о Санкайбаевтар отбасы, Үшарал қаласынан Ақатаевтар отбасы және Ырғайты а/о Айтмановтар отбасы иеленсе, «Білімділер отбасы» номинациясымен Қожагелдиновтар отбасы, «Өрелі рухты отбасы» номинациясымен Омаровтар от-

басы, «Парасатты отбасы» номинациясымен Абылхамитовтар отбасы, «Берекеді отбасы» номинациясымен Айтқұловтар отбасы, «Бесігі түзу, несібесі артқан отбасы» номинациясымен Әмірхановтар отбасы, «Ынтымағы жарасқан отбасы» номинациясымен Ақболатовтар отбасы марапатталды. Сондай-ақ белсенділік танытқаны үшін Жағатал а/о Есімхановтар отбасы, Қабанбай а/о Мәуейхан отбасы, Бескөл а/о Сейтқазиновтар отбасы мен Үшарал қаласынан Адильбековтер отбасына алғыс хат табысталды.

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне аудан әкімінің арнайы алғыс хат пен ақшалай сертификаттарын табыс етті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзі

Қадірлі журналистер!

Құрметті жиынға қатысушылар!

Ең алдымен, баршаңызды Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Журналист – мәртебелі мамандық. Ол – ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы. Сондықтан біз медиа саласының мамандарына әрдайым зор құрметпен қараймыз. Түптеп келгенде, мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай.

Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ. Бұл – баршаға тең мүмкіндіктер беретін Әділетті Қазақстанды құру. Мен бүгін медиа саласы мамандарының осы жолдағы қажырлы еңбектері үшін шынайы ризашылығымды білдіремін.

Әлихан Бөкейхан «Газет-журнал шығаруға зор шеберлік керек» деп талап қойған. Бұл – бүкіл ақпарат саласына ортақ тұжырым. Жалпы, журналистер мемлекеттік саясатты халыққа түсіндіру ісінде айрықша рөл атқарады.

Өздеріңізге мәлім, қазір еліміз дамудың жаңа сатысына қадам басты. Біз соңғы 5 жылдың ішінде ауқымды саяси реформаларды жүзеге асырдық. Қазақстанның саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Парламенттің ықпалы, Үкіметтің жауапкершілігі айтарлықтай артты. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік орныға түсті. Саяси партиялардың қоғамдық рөлі күшейді. Азаматтарымыз өз ой-пікірлерін ашық айтып, қоғамда белсенді болуына мүмкіндік беретін нақты тетіктер пайда болды. Сайлау жүйесін жетілдірдік. Ауыл, аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Бір сөзбен, саяси және қоғамдық мәдениет үлкен өзгеріске ұшырады.

Ең маңызды бастаманың бірі – Президент жеті жылдық мерзімге бір рет қана сайланатын болды. Осы шешімнің саяси мән-мағынасы ерекше, бұл – мемлекет басқару ісінде жаңа стандарт қалыптастыратын маңызды қадам.

Реформалар, өзгерістер әлі де жалғаса береді. Ең бастысы, бұл өзгерістер – халықтың таңдауы. Сондықтан біз ешқашан кері қайтпаймыз, тек алға қарай жүреміз. Біз экономикалық дамудың нақты бағытын айқындадық. Бір сөзбен, озық ел болу үшін ауқымды жұмысты қолға алдық.

Сіздер тың бастамаларды жұртшылыққа жан-жақты түсіндіруге зор үлес қостыңыздар. Шын мәнінде, барлық реформаны өздеріңізбен бірге атқардық деуге болады. Бірақ өзгерістерді жүзеге асыру бір басқа, ал оны орнықтыру бір бөлек. Ол үшін қоғамдық сана түбегейлі



жаңғыруға тиіс.

Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында жалпыға ортақ құндылықтар туралы айтқанымды білесіздер. Мұның бәрі ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үшін айрықша маңызды. Ашығын айтсақ, осы құндылықтарды қоғам санасына орнықтыру журналистерге тікелей байланысты. Ақпарат өкілдері болмаса, оны жұртқа жария ету мүмкін емес. Сондықтан журналистер қауымы осы маңызды жұмысқа зор жауапкершілікпен қарайды деп сенемін.

Біз әрбір сөзімізді қоғамды түзеуге жұмсасақ, болашағымыз да баянды болары хақ. Мен Құрылтай отырысында елімізге қатер төндіретін бес кеселге тоқталдым. Тағы да қайталап айтқым келеді. Жұртты нашақорлық пен құмарпаздықтан, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан, вандализм мен ысырапшылдықтан қорғау – ортақ міндет. Мемлекет бұл бағытта нақты қадамдар жасап жатыр.

Жақында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тосқауыл болатын арнайы заң күшіне енді. Бұл – өте қажетті құжат. Бұл мәселе бойынша менің көзқарасым – баршаңызға айқын.

Еліміздегі әрбір шаңырақ қазақ отбасының үлгісіне айналуы керек. Әрине, қабылданған заң барлық қатерді бірден жойып жібермейді. Бұл – ұзақ әрі күрделі үдеріс. Заң жазалау үшін емес, ең алдымен, құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін маңызды. Оған бүкіл қоғам болып атсалысу қажет. Осы жолда ақпарат өкілдерінің рөлі ерекше.

Ең қауіпті әлеуметтік кеселдің бірі – лудомания. Құмар ойынға тәуелділік көптеген азаматты орға жығып, қарызға белшесінен батырады, отбасының шырқын бұзады, қылмысқа, суицидке итермелейді.

Интернет дамыған сайын лудомания проблемасы ушыға түсті және нағыз әлеуметтік індетке айнала бастады. Бұл ұлтымыздың болашағына қатер төндіреді. Сондықтан Мемлекет

басшысы ретінде мен осы қауіпті құбылыспен күресу үшін бірқатар пәрменді шаралар қабылдадым.

Былтыр күзде осы мәселе бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы отырысы өтті.

Жуырда менің тапсырмаммен Үкімет Заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды бекітті.

Сонымен қатар тиісті заң жобасын тез арада қабылдау жөнінде бұған дейін бірнеше рет айтқан едім.

Ал бүгін Сенат лудоманияға қарсы заң жобасын қарайды. Егер мақұлданса, көп ұзатпай мен оған қол қоямын. Аталған Заңның күшіне енуі азаматтарымызды, ең алдымен, өскелең ұрпақты осы зиянды әлеуметтік дерттен сақтауға мүмкіндік беретініне сенімдімін. Орайлы сәтті пайдалана отырып, мәселеге бей-жай қарамай, заң жобасын жедел әрі сапалы әзірлегені үшін Мәжіліс пен Сенат депутаттарына алғыс айтқым келеді.

Ертең Парламенттің кезекті сессиясы аяқталады. Депутаттар маңызды оқиғалардың бел ортасында жүр. Сайлаушылармен тығыз жұмыс істеп жатыр. Олар өзекті мәселелерді көтеріп, қоғамдық пікірталасқа ұйытқы болып отыр. Халыққа қажет заңдарды қабылдау жөнінде бастамалар көтеруде. Осы сессияның өзінде елдің дамуына тікелей ықпал ететін 100-ден астам заң қабылданды.

Өздеріңізге мәлім, жуырда мен «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойдым. Өте маңызды құжат. Журналистердің мүддесі мен құқықтарын қорғау тетіктері күшейтілген деп айтуға болады. Бұл құжат еліміздегі масс-медиа-ның әлеуетін арттыра түседі деп ойлаймын. Сондай-ақ ақпараттық дербестігімізді нығайтуға мүмкіндік береді.

Жалпы, депутат пен журналист қызметі бірі-бірімен тығыз байланысып жатыр. Екеуі де ел мүддесін қорғайды. Халық сенімін арқалап, оған мүлтіксіз қызмет етеді. Қазір депутаттар

корпусы мен масс-медиа өкілдері үйлесімді жұмыс істеуде.

Журналистер қауымы ұлттық парламентаризмді дамытуға қашанда зор үлес қосып келеді. Қазіргі депутаттар құрамында ақпарат саласының өкілдері жеткілікті. Атап айтқанда, Нұртөре Жүсіп, Ермұрат Бапи, Қазыбек Иса, Сергей Пономарев, Жанарбек Әшімжан, Бибігүл Жексенбай, Айгүл Қапбарова секілді әріптестеріңіз көпшілікке белгілі.

Ұлт мүддесін қорғап жүрген журналистердің Парламент төрінде отыруы – заңдылық.

Айтпақшы, Президент Әкімшілігінде де әріптестеріңіз аз емес. Олар өз кәсіби ортасына қолдау білдіріп, бұқаралық ақпарат құралдары мен мемлекеттік органдар арасында алтын көпір қызметін атқарады.

Жаңа ақпараттық дәуірге қадам бастық. Осы орайда мемлекеттік басқару жүйесі сөз білетін, тиімді әрі жан-жақты қарым-қатынас орната алатын адамдарға зәру. Сондықтан өз мансабын мемлекеттік қызметпен байланыстырған немесе байланыстыруды жоспарлап жүрген әріптестеріңіз осы салада да өз әлеуетін толық жүзеге асыра алады.

Мен елімізді түбегейлі жаңғырту үшін заңнамалық өзгерістермен, кадрлық шешімдермен, саяси және экономикалық реформалармен ғана шектелу аздық ететінін ұдайы айтып келемін.

Біз прогрессивті ұлт ретінде қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін жаңарту үшін көп тер төгуіміз керек.

Бүгінде отандық журналистика мықты қоғамдық институтқа, нағыз төртінші билікке айналды. Бұл саланың осынау маңызды іске қосар үлесі зор. Журналистердің алдында тұрған міндеттердің ауқымы – өте кең.

Елімізде «Таза Қазақстан» акциясын қолдаған шын мәніндегі халықтық қозғалыс өріс алды. Бұл кездейсоқ емес. Өкінішке қарай, табиғат аясындағы демалыс орындарында және елді мекендердің айналасында үйіліп жатқан қоқысты күн са-

йын көреміз. Бұл – жауапсыз адамдардың ісі.

Қоғамдық орындарда қарапайым тазалық ережелері сақталмайды. Бұдан адамның тәрбиесіздігі ғана көрінбейді, сондай-ақ ол бүкіл еліміздің дамуын тежейді. Сондықтан да мен әрдайым осы мәселеге назар аударамын.

«Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акциясына жүздеген мың адам қатысып, ондаған мың тонна қоқыс жиналды. Мен оларға ризашылығымды білдіремін. Бұл акция тұрақты түрде жалғасады.

Аулаларымыз бен көшелеріміздегі, саябақтар мен қорықтардағы, өзен-көлдердегі тазалық пен тәртіптің сақталуы барша азаматқа тікелей байланысты. Біз қоғам ретінде айналамыздағы тазалықтың қадірін біліп, басқа адамдардың еңбегін құрметтеуді үйренуіміз керек.

Отандық медиа қоғамда жоғары экологиялық сана мен табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыруға зор көмегін тигізе алады.

Осы орайда азаматтарымыздың ел ішіндегі, сондай-ақ шетелдегі қоғамдық орындарда вандализммен көзге түсіп, тұрпайы мінез-құлық көрсетуі – назар аударатын мәселе.

Тарихи-мәдени мұраларға зиян келтіру, ескерткіштерді қорлау сияқты келеңсіз әрекеттер тек заңмен ғана жазаланып қоймай, қоғам тарапынан да айыпталуға тиіс. Бұл орайда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі аса маңызды.

Тағы бір мәселе. Алдымызда «Ұлттық домбыра күні» келе жатыр.

Домбыра – қазақтың жаны, ұлт болмысының айнасы. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра». Біз ұлттық бірегейлігімізді сақтағымыз келсе, қастерлі аспапты қадір тұтуымыз қажет. Ол – біздің тереңнен тамыр тартатын төл тарихымыздың куәгері. Мерейлі мереке өнерімізді өрге шығарып, тұтастығымызды нығайта түсу үшін керек. Мен ұлттық құндылықты ұлықтайтын бастамаларды барынша дәріптеу қажет деп санаймын. Домбыра күні соның айқын көрінісі болуға тиіс.

БАҚ өкілдерінің тағы бір маңызды миссиясы – азаматтарға экономиканың дамуы туралы жан-жақты және кеңінен ақпарат беру. Бұл ретте ауыз толтырып айтатын дүние жеткілікті.

Қазір әлемде инвестиция үшін бәсеке қатты жүріп жатыр. Ал онсыз тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету қиын. Мемлекеттің осы бағыттағы жүйелі жұмысының арқасында кейінгі жылдары Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы артып келеді.

(Жалғасы 3 бетте)

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзі

Шетелдік инвесторлардың қатысуымен елімізде экономиканы әртараптандыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған әрі қаржыландыру көлемі үлкен ондаған, тіпті жүздеген жоба жүзеге асырылып жатыр. Мысалы, Алматы облысында 2026 жылы әлемге әйгілі Pepsico компаниясының Орталық Азиядағы ең ірі зауыты ашылады. Биыл Шымкентте түркиялық серіктестермен бірлесіп, ірі жылыжай кешені құрылысының бірінші кезеңін аяқтау жоспарланып отыр.

Қытайлық әріптестермен Абай облысында жылына 300 мың тонна мыс қорытатын зауыт салу туралы келісімге қол жеткізілді. Жобаның бастапқы құны – 1,5 миллиард доллар, мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Атырау облысында полиэтилен шығаратын интеграцияланған газ-химия кешенін салу көзделіп отыр.

Менің тапсырмаммен Үкімет еліміздің батыс аймақтарын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту үшін жедел шаралар топтамасын әзірлеп жатыр. Оның нәтижесі көп күттірмейді деп ойлаймын.

Сондай-ақ биыл халық көптен күткен ірі автожол жобалары іске қосылмақ. Бұл жобалар еліміздің көлік құрылымын нығайтып, іскерлік белсенділіктің артуына ықпал етеді.

Атап айтқанда, «Астана – Алматы», «Алматы – Өскемен», «Ақтөбе – Қандыағаш», «Атырау – Астрахань» жолдары пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар «Жезқазған – Қарағанды» магистралін жобалау жұмыстары басталады. Мұның бәрі – жүзеге асырылып жатқан және жоспарланған ауқымды жобалардың бір бөлігі ғана.

Соңғы жылдары еліміздің барлық өңірінде тұрақты түрде жаңа кәсіпорындар ашылып, жаңа жолдар мен көпірлер салынып жатыр. Инженерлік желілер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары жаңартылуда. Бірақ көбіне мұндай жағымды ақпарат лайықты деңгейде таралмай жатады. Жақсыны жақсы деп айту керек.

Ел дамуындағы оң өзгерістерге көбірек назар аудару бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе, мемлекеттік БАҚтың міндеті деп санаймын.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, экономиканы дамыту үшін тұрақты энергия көзі керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салу мәселесін пысықтау туралы нақты тапсырма бердім. Қазір жан-жақты талқылау болып жатыр. Әртүрлі пікір айтылуда. Бұл үдеріске бұқаралық ақпарат құралдары да белсене атсалысуы керек.

Шын мәнінде, елімізде атом

энергетикасын дамытуға зор мүмкіндік бар. Оны дұрыс, яғни тиімді пайдаланған жөн. Осы мәселеге қатысты соңғы шешімді халық қабылдайды. Референдум биыл күзде өтеді. Үкімет нақты датаны айқындайды.

Сыртқы саясат мәселесіне келер болсақ, Қазақстан көпжақты ынтымақтастыққа бейіл. Сондай-ақ қазіргі халықаралық құқықтың негізі ретінде БҰҰ Жарғысының сақталуын табанды түрде жақтайды. Сыртқы саясатта біз ұлттық мүддені басты орынға қоямыз. Барлық даулы мәселені тиімді мәміле негізінде шешуді қолдаймыз.

Биыл Қазақстанда халықаралық шаралар көп өтеді. Келесі аптада Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті болады. Мұны кейінгі бірнеше жыл ішіндегі жоғары деңгейде өтетін аса маңызды халықаралық форумдардың бірі десек, артық айтқандық емес. Саммитке дүниежүзі халқының жартысына жуығы тұратын мемлекеттердің басшылары, сондай-ақ ықпалды халықаралық ұйымдардың жетекшілері, соның ішінде БҰҰ Бас хатшысы қатысады. Мұндай ауқымды шараның өткізілуі еліміздің жаһандық аренадағы беделінің зор екенін көрсетеді.

Еліміз биыл ШЫҰ-дан басқа тағы бес халықаралық құрылымға төрағалық етіп отыр. Бұл – бұрын-соңды болмаған жағдай. Қазақ дипломатиясының тарихындағы жетістік деуге болады.

Елімізде жүргізілген жүйелі реформалардың нәтижесінде азаматтардың саяси мәдениетінің деңгейі едәуір өсті, шынайы әрі аясы кең пікір алуандығы пайда болды. Бұл – өте маңызды. Қоғамдық пікір саяси өмірдің маңызды факторына айналды. Ал сөз бостандығы қоғамның мызғымас құндылығы саналады.

Бүгінде Қазақстанда жүздеген тәуелсіз БАҚ пен медиаресурс бар. Ал интернеттегі көптеген түрлі блогтар мен каналдар туралы айтпаса да болады. Олар елде болып жатқан үдерістерді әр қырынан жариялап көрсетеді, билік органдарының қызметіне сын айтады. Бірақ біз әуел бастан пікір алуандығына ұмтылып келеміз. Бұл – біздің айтулы жетістігіміз.

Көпшілік мұны әлі күнге сезінбей жүр. Алайда Қазақстанда әлдеқашан жаңа саяси жағдай қалыптасты. Оны сөз бостандығынан, ашық бәсекелестіктен, билік пен қоғам арасындағы конструктивті диалогтан, бүкіл ақпараттық ресурстардың қол жетімділігінен байқауға болады. Біз осындай өзгерістер жүзеге асырылды деп сеніммен айта аламыз. Мұндай жағдайда БАҚтың рөлі мен жауапкершілігі арта түседі.

Отандық масс-медиа әрдайым объективтілікті, бейтарап

тылықты сақтап, ел мен қоғамның мүддесін бәрінен жоғары қоятынына сенімдімін.

Ұлтымыз қарқынды дамуы үшін қазіргі өзекті проблемалар жөнінде шынайы көзқарас қалыптастырып, ашық пікір алмасу маңызды. Бізге алдамшы жеңістер мен жетістіктерге әуестеніп кетудің қажеті жоқ. Өз-өзіңді алдауға, мадақтауға болмайды. Бұл – ыдырауға және құлдырауға әкеп соқтыратын төте жол.

Сонымен қатар сөз бостандығына арқа сүйеп, елімізде ештеңе өзгермейді-мыс, ахуал мүшкіл деп жағдайды үнемі ушықтыра беру қажет емес. Бұл шындыққа сай келмейді. Кемшіліктер бар, бірақ жағдай тым мүшкіл емес. Мұндай ақпарат адамдарға көмектеспейді, керісінше оларды күйзеліске ұшыратып, қоғамда апатия тудырады.

Оң өзгерістер – көбіне күнделікті қажырлы еңбекті талап ететін дамылсыз жұмыстың нәтижесі. Ол сырт көзге байқала бермейді. Біз бұл жұмысты жалғастырамыз. Өйткені бұл – мемлекеттік стратегияның маңызды бөлігі.

Біз Әділетті Қазақстан құруға ұмтыламыз. Бұл – бос идеологиялық абстракция емес, шынайы жалпыұлттық таңдау. Біз зор сенім артып, күш-қуатымызды аянбай жұмсайтын асқақ мұрат түбі шындыққа айналады.

Әділетті Қазақстанды кемеңгер көсемдер, аңыздағы қаһармандар емес, қарапайым еңбеккерлер мен адал азаматтар құрады. Оларды барынша дәріптеу керек. Заманымыздың нағыз батырлары және ұлтымыздың сенімді тірегі – осындай адамдар.

Мемлекеттің қуаты – халықта, ал халықтың қуаты жасампаз күш-жігерде және отаншылдықта. Сондықтан еліміздегі барлық ауқымды өзгерістер адамға, оның қарым-қабілетін толық ашуға бағытталған.

Біз үшін реформалардың өзі ғана емес, түпкі мәні маңызды. Біздің реформаларымыз қызыл сөзге емес, нақты іске негізделген. Басты мақсат – азаматтарымыздың болашаққа деген сенімін нығайтып, әл-ауқатын арттыру.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру үдерісінде атқаратын рөлі айрықша. Бұл – елімізде жүргізіліп жатқан жаңғыруларға негіз болатын қағидаттардың бірі.

Біз әр салада заң үстемдігін қамтамасыз ету үшін нақты шаралар қабылдап жатырмыз. Қазақстан – құқықтық мемлекет. Ал кез келген құқықтық мемлекетте азаматтар мен институттардың барлығы заңдарды, ережелер мен нормаларды мүлтіксіз сақтауға тиіс. Қоғамдағы қарама-қайшылықтар мен келіспеушіліктер ұлттық заңнамаға және негізгі халықаралық нормаларға сәйкес

шешілуі керек. Бұл – мен үшін мызғымас ұстаным. Сонда ғана біз берекелі және әділетті қоғам құрамыз. Сондықтан Заң мен тәртіп қағидатын баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру үшін берік іргетас деп қараған жөн.

Біз, ең алдымен, жемқорлықты түбірімен жоюымыз керек. Мен осы мәселеге айрықша мән беремін. Біз қоғамда бұл кеселдің бар екенін жасырмаймыз. Ашық айтамыз деп, оның зардабын да тартып жатамыз.

Тіпті, кейде шетелдіктер де, өз азаматтарымыз да Қазақстанды жемқорлыққа белшесінен батқан ел деп ойлайды. Бұл шындыққа еш жанаспайды. Ел мүддесі үшін еңбек етіп жүрген адал азаматтар аз емес. Қайталап айтамын: жемқорлық – кесел. Біз тұтас қоғам болып оған қарсы тұруымыз керек. Сонда ғана нәтиже болады.

Көпшілігіңіз үшін журналистика – жай ғана мамандық емес, жүрек қалауыңыз.

Нағыз журналистер әсіре әуестіктен, бос сөзден және әлеуметтік желіде өзіне-өзі мақсаттанудан ада болады. Олар әрдайым оқиғаның ортасында жүреді. Халықты алаңдата-тын өзекті мәселелерді көтеріп, мазмұнды материалдар әзірлейді. Дәл осындай белсенді әрі пайдалы іс атқаратын тілшілер қауымы отандық журналистиканың бет-бейнесі саналады. Олар еліміздің өркендеуіне зор үлес қосып келеді.

Қазір жаңа медиа дәуірі басталды. Бұқаралық ақпарат құралдары жасанды интеллект технологиясын тиімді пайдаланып жатыр. Мұны шын мәнінде жаңашылдық пен жасампаздықтың көрінісі деуге болады. Әр адам өз ісінің шебері болуға тиіс. Сонда елімізде нағыз кәсіби біліктілік культі қалыптасады. Мен мұның маңызы туралы үнемі айтып келемін. Біз ұстаз, дәрігер, ғалым және басқа да әлеуметтік сала мамандарының абыройын арттыру үшін нақты шаралар қабылдадық. Тәртіп сақшылары мен құтқарушылардың мәртебесін көтердік. Осындай жан-жақты жұмыстар жалғаса береді. Себебі еңбек адамы – ел байлығы.

Қадірлі қауым!

Ақпарат – қуатты құрал. Әсіресе, қазіргідей құбылмалы заманда халыққа жан-жақты сарапталған, тексерілген, шынайы ақпаратты ұсыну аса маңызды. Азаматтарды адастыратын ақпаратқа жол беруге болмайды.

Сөз бостандығы – елдегі әр бастаманы сынау деген сөз емес. Нағыз ұлт мүддесін көздеген ақпарат құралы елдің береке-бірлігін нығайту үшін қызмет етуі керек. Баспасөз – қоғамның бет-бейнесі. Мен күнделік

ті газет-журналды үнемі қадағалап отырамын. «Егемен Qazaqstan», «Казахстанская правда», «Aiqyp», «Литер», «Turkistan», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» басылымдарын, аймақтарда шығатын газеттерді де үзбей оқимын. Көп мағлұмат аламын. Пайдалы ақпарат өте көп. Жалпы, қазіргі таңда газеттерде жарияланып жатқан материалдардың сапасы жоғары деп айтуға болады. Оқуға тартымды деп айтқым келеді. Қоғамның тынысын, зиялы қауымның ой-пікірін біліп отыру өте маңызды деп санаймын.

Шын мәнінде, газет шығару және газет оқу үрдісі ешқашан үзілмеуге тиіс. Осы сабақтастықты сақтап қалу керек. Бұл – өркениетті елдердің барлығында қалыптасқан дәстүр. Біз ұлттық журналистиканың бай шежіресін, тағылымды дәстүрін мақтан тұтамыз.

Жиырмасыншы ғасыр басындағы қазақ зиялылары баспасөзге түгел атсалысты. Олар бұл салаға ағартушылық сипат берді. Аға буынның осы сара жолын лайықты жалғастыру қажет. Ақпарат құралдары – халықтың үні, ұлттың жаршысы, бұқараның рухани тірегі. Сондықтан журналистердің кәсіби тұрғыдан мықты болуы өте маңызды, бұл, тіпті, шешуші дүние.

Журналистеріміздің көбі – жоғары деңгейдегі мамандар, олар елге адал, отаншыл азаматтар. Бұл мәселе бойынша ешқандай күмән жоқ. Осы миссияны сіздер абыроймен атқарып келесіздер.

Кез келген еңбек бағалануға тиіс. Өркениетті қоғам масс-медиа майталмандарын ерекше қадірлейді. Жыл сайын елімізде үздік журналистерге сыйлықтар табысталады. Бұл – қалыптасқан дәстүр.

Бүгін ортамызда осы салада жарты ғасырға жуық қызмет атқарған азаматтар да бар. Аймақтағы журналистиканың көшін бастаған тұлғалар бар.

Осы жиынға әр облыстың бұқаралық ақпарат өкілдерін арнайы шақырдық. Бір сөзбен, бұл жерде нағыз майталман мамандар отыр. Сондықтан мен ақпарат саласына ерекше еңбек сіңірген бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Бұдан бөлек, былтырдан бері мереке қарсаңында журналистерге пәтер кілтін табыстауды дәстүрге айналдырдық. Бұл үрдіс биыл да, алдағы уақытта да жалғаса береді.

Рақмет!

ЕРТЕҢ ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДА

«Мен астаналықпын» деген сөзді бүгінде бас шаһардың тұрғындары асқан мақтанышпен айтады. Көз алдымызда көркейіп, қуатты мегаполиске айналып келе жатқан елордада өмір сүру шынымен-ақ көңілге бұлқынған шабыт сыйлайды. Өзіңді күні ертең ұрпақтар тамсана еске алып отыратын үлкен тарихтың куәгері сезінесің. Өйткені, болашақта атағы жер-жаһанға жайылатын ғимараттардың іргетасы дәл қазір қалануда. Солардың ішіндегі ең елеулілеріне төмендегі мақалада тоқталмақпыз.

Шар ішіндегі музей

Келешектегі Астананы елестеткенде, қиялдағы көріністің қақ ортасына хрусталь сфера орнай қалады. «Болашақтың музейі» деп аталатын шар пішіндес бұл үй – ЭКСПО-2017 көрмесінің негізгі символы. Оның диаметрі 80 метрге, биіктігі 97 метрге жетеді. Ал 8 қабаттық ғимараттың жалпы ауданы 26 мың шаршы метрге тең.

Алып сфераның әлемдік брендке татитындай ерекшелігі бар. Мәселен, Париждегі Эйфель мұнарасы конструктивизмнің хабаршысы болса, Монреальдағы «Хабитат 67» кешені брутализм бағытының дамуына қомақты үлес қосты. Сол секілді футуристтік формадағы біздің музейге ұқсайтын бірде-бір ғимарат әлі дүние жүзінде жоқ.

ныстағы вокзалы тәулігіне 7 мың адамды қабылдай алады екен. Ал жаңа вокзалдың қауқары күніне 35 мың жолаушыға қызмет көрсетуге жетеді.

Демек, көлемі жағынан ескісінен 5 есе ауқымды.

Вокзал ғимараты 6 қабаттан тұрады. Мұндағы заманауи технологияның көмегімен жолаушыларға ыңғайлы жағдай жасалады. Айталық, нысан термалдық қуат көздерімен жабдықталған. Яғни, ол ғимарат температурасын қыста жылы, аптап ыстықта салқын етіп ұстайды. Лифтілер де, эскалаторлар да энергия үнемдегіш құрылғылармен жарақ-тандырылады.

Айтпақшы, пойыз құту процесі де едәуір жеңілдейді. «Екі иінінен дем алып жеткен» отарбалар енді тұп-тура вокзал ішіне кіреді.

жалпы ауданы 14 мың шаршы метрді құрайды. Ғимараттың бірінші бөлігі – жабық манежде көрермендерге арналған трибунасы бар, ауданы 7140 шаршы метрге тең футбол алаңы орналасады. Стадион сапасы жағынан ең озық заманауи стандарттарға жауап береді. Ал екінші бөлік – әкімшілік ғимарат.

Кешен аумағын жасыл желктендіру және абаттандыру жоспарланған. Мұнымен қоса, орындықтар, урналар, тротуарлар мен көшелерді жарықтандыратын шамдар орнатылады, 500 көлік сыятын тұрақ жасалады. Сондай-ақ, спорттық жаңалықтар мен трансляцияларды көрсететін үлкен проекциялық экран ілінеді.

Ғимараттың бірінші қабатында вестибюль, ресепшн, атрибутика павильоны, киім ілетін орын, әжетхана, 100-120 адамға шақталған асхана, брендті тауарлар дүкені, бапкерлер бөлмесі және төрешілерге арналған бөлме болады. Екінші қабатында жаттығу кабинеттері және фитнес залы орналасады.

Ал үшінші қабат Қазақстан футбол федерациясының кабинеттеріне бөлінген.

Астанадағы «Алатау»

Астанаға тау көшіріп әкелгелі жатыр деген жаңалыққа сенер ме едіңіз? Ұқсата білетін нағыз шеберге шаһар ортасынан тау тұрғызу не тұрады екен, тәйірі?! Қысқасы, алдағы уақытта елордада салынатын Ұлттық банк ғимаратының сыртқы көрінісін сіз де, біз де ұнатарымыз анық.

Әуежай маңынан қоныс тебетін жаңа нысанның жобасын украиналық сәулетшілер ұшаршыңын қар басқан тау сілемдері пішінінде жасаған. «Архиматика» бюросының өкілдері осылайша елордаға жаңа келбет сыйламақшы. «Құрылысқа бөлінген аудан әлі толықтай игерілмеген. Онда қандай ғимараттар тұрғызылатыны әзірге белгісіз. Біздіңше, көп қабатты зәулім үйлер салынатын шығар. Сондықтан кім биік деп көршілермен бәсекелеспес үшін өзгеше стильді ойлап таптық. Астанаға келгенімізде бұл қалаға көсіліп жататын құба дөңнің жетіспейтінін ұқтық. Оның үстіне, тау формасы – Ұлттық банк үшін де жақсы ырым ғой» деп түсіндіреді жобалық топтың директоры Александр Поповтың идеяның қалай туғаны жайлы.

Ғимараттың сызбасы Іле Алатауына ұқсас. Қарлы шыңдары барынша шынайы көріну мақсатында құрылыс кезінде қар тәрзді аппақ әрі майда кедір-бұдыры бар материал қолдану жоспарланған. Кешен 2 параллель блоктардан тұрады. Олар атриуммен біріктіріледі. Ғимараттың 2 корпусы әкімшілік жұмыстарға, ал орталық бөлігі конференц-залдарға, бұқаралық іс-шараларға, банк қызметкерлері мен қонақтары баратын дәмханаларға арналады.

Жаңа объект Астанада салынған креативті әрі танымал ғимараттар тізімін толықтыратыны сөзсіз. Алда-жалда шетелге шыға қалғанымызда ол жақтағылар біздегі Бәйтеректі ғана емес, «бөркіне қар қондырған» Ұлттық банк ғимаратын да тіп жеткісіз әдемі әсермен әңгімелеп беретін болады.

Өз тілшіміз.



Аспанмен таласқан Астана

Астанада аспанмен таласқан, қалаға көрік беріп тұрған ғимараттар көп. Сәулетшінің қиялы мен құрылысшының қолынан шыққан туындылар жаңа қаланың сәніне айналған. Бас қаланың негізгі символы деп «Хан Шатыр», «Бәйтерек», «Ақорда», «Бейбітшілік және келісім сарайы» айтуға болады.

Елдегі ең басты ғимарат «Ақорда» – ел тәуелсіздігінің белгісі. Резиденция құрылысы 2001 жылы басталған болатын. Ғимаратта далалық өркениет пен Еуропа мәдениеті ұштастырылған. Көркемдік және философиялық мән-маңыз беріліп жасалған жоба құрылысында Қазақстан мен Еуропа сәулетшілерінің айқын қолтаңбасы бар. Олардың қатарында еуропалық әйгілі дизайнерлер М.Гуалаци мен А.Мольтени болды. Ал «Ақорданың» ішін ұлттық мәнерде салуға академик Қ.Монтақаев кеңес берген. Ең бір ерекшелігі – құрылыс жұмыстарына ондаған елдің мамандары атсалысқан. Ғимараттың жалпы ауданы – 36 720 шаршы метр, биіктігі – 86 метр.

Астананы «Бәйтерексіз» елестету қиын. Монумент еліміз дамысын, өсіп-өркендесін, бәйтеректей жайқалсын деген идеямен орнатылған. «Бәйтерек» кешенін архитектор А.Рүстембеков (топ жетекшісі), С.Базарбаев пен Ж.Айтбалаев жобалады. Инженер-конструкторы – М.Вахштейн, интерьер дизайнершысы А.Оспанов болды.

«Хан Шатыр» 2010 жылы Астана күніне орай ашылды. Ол – Орта Азиядағы ең ірі сауда үйлерінің бірі әрі сән-салтанаты жағынан бірегейі. Ғимаратты жобалаушы – сәулетші Лорд Норман Фостер. Құрылыс нысанының металл қаңқасы – 2300 тонна, шатырдың биіктігі – 150 метр, ішкі аумағы 110 мың шаршы метр. Норман Фостердің тағы бір тамаша туын-

дысы – «Бейбітшілік және келісім сарайы». Онда Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлтаралық және дінаралық келісім орталығы, мұражай, 1,5 мың орынды опера залы, кең орталық атриум мен қысқы бақ орналасқан. «Бейбітшілік және келісім сарайы» Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съездерінің өткізілетін орны ретінде кеңінен танымал.

Астананың мәдени өмірін айшықтайтын құрылыстардың бірі – «Астана Опера» ғимараты. Ол Орталық Азиядағы ең ірі театр. «Астана Операның» бас сахнасының көлемі – 935 шаршы метр, ені 21 метрді, тереңдігі 59 метрді құрайды. Театр залына 1 мың 250 көрермен сияды. Партері 450 көрерменге арналған. Құрылысты сәулетші Ренатто Аркетти жобалаған.

Қалада туристік орындарға айналған өзге де ғимараттар баршылық. Айталық, 2017 жылы ашылған Экспо көрмесі, жаңадан салынған Бас мешіт, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театр, Ұлттық академиялық кітапхана мен Абу-Даби плаза және тағы басқа да құрылыс кешендері. Аталған жобалар елдің дамуында елеулі орынға ие. Сондай-ақ Астананың қоғамдық-саяси, әлеуметтік, рухани маңызын арттыра түседі.

Өз тілшіміз.



Нысанның құрылысына иілімелі, сирек кездесетін шыны пайдаланылады. Әр панелі 850 келі тартатын бұл материал елімізде тұңғыш рет арнайы ЭКСПО үшін қолданылуда. Қасбеттік қаптаманың өзі фотоэлектрлік элементтерден құралған екен. Соның арқасында күннен алынған энергияны электр энергиясына айналдырып, қуат көзін үнемдеуге жол ашады. Бұдан бөлек, объектінің жоғары жағында 2 жел генераторы орнатылады. Ғимарат пішіні жел ағынын реттеуге мүмкіндік беретін қасиетке ие. Мұндай типтес ғимараттар ғаламда өте аз.

Шар-үйдің астыңғы қабатында тақырыптық маршруттар ұйымдастырылады. Сол арқылы қонақтар біздің мемлекетіміздің тарихы, республикадағы көрнекі орындар, мәдени дәстүрлер туралы мағлұмат ала алады. Ал цифрлық, мультимедиялық және интерактивті технологиялар 2-8 қабаттардағы «Болашақ музейі» барынша кеңінен қабылдауға қолайлы жағдай туғызады.

Пойыздар «қалашығы»

Елордалықтар тағатсыздана күтіп жүрген маңызды нысандардың бірі – теміржол вокзалы. ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі қарсаңында пайдалануға берілетін әлеуметтік объект «Мыңжылдық аллеясы» ауданында бой көтереді. Ғимараттың ұзындығы – 630 метр, ені – 116 метр, биіктігі – 49,5 метр. Бұл дегеніңіз – ат шаптырымдай аумақ. Астананың қазіргі қолда-

Сол үшін жабық үлгідегі 6 эстакада салынуда. Эстакаданың әрқайсысының ұзындығы – 2550 метр.

Вокзал жобасының сызбасын құрумен Санкт-Петербургтегі «Студия 44» сәулет өнері шеберханасы айналысыпты. Ілгеріректе аталмыш мекеменің жетекшісі Никита Явейннің бір сұхбатын оқыған едік. Сонда маман: «Астанадағы жаңа вокзалдың ең тартымды бөлігі – арка болады. Оған қараған кісі қазақ сияқты көшпелі халықтың тұрмысынан бірден хабар алады. Арқаға кереге элементтерін қостық. Ол вокзал мен сонда түйсетін жолдар арасындағы кемпірқосақ секілді иіліп тұрады. Мұнымен Астананың кеңдігін және әлемдегі теңдессіз қала атануға ұмтылысын көрсетіпкіз» деген еді.

Болашақ футболшылар үйі

Аяқдопқа аңсары ауған азаматтардан сүйінші сұрайтын күн де алыс емес. Себебі, елордада бірегей футбол кешені салынбақ. Ол «Хет-трик» футбол инфрақұрылымын дамыту бағдарламасының аясында бой көтереді. «Біз УЕФА тарапынан 8 миллион еуроға ие болдық. Оған қоса, Астана қаласының әкімдігі Момышұлы мен Тоқпанов көшелерінің қиылысынан 3,5 гектар жер бөлді. 2017 жылы сол аумақта үлкен футбол кешенін ұсынатын боламыз» дейді Қазақстан футбол федерациясының президенті Ерлан Қожағапанов.

Көп функционалды футбол кешені 2 блоктан тұрады. Оның

Батысқа қарап бой түзеп

Жастардың батысқа еліктеуі белең алды. Бұл бүгінгіміздің өзекті мәселесі деп айтуға толық негіз бар. Рухани һәм материалдық құндылықтарымыздан айырылып бара жатқанымыз көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамның көңіліне қаяу түсіретіні хақ.

Адамға отансүйгіштік, елжандылық сезімі ана тілмен дариды десек, бүгін жастарымыздың тіл тазалығы бұзылды. Күнделікті өмірде рофл, кринж, эшкер, шипирить, пиар, хайп сынды сөздерді естіп жүрміз. Мұның бәрі батыстан келген сөздер. Термин ретінде аталған сөздерді қолданған жөн шығар, алайда ретімен, жөнімен болуы қажет-ақ. Біз жастардың шет тілін білгеніне қуанамыз, алайда мәнсіз-мағынасыз, ретсіз

арқасында бабаларымыз бізді «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заманға жеткізді. Қолда бар қазынамызды бағалай білмеудің белгісі – қазіргі таңда жастардың батысқа еліктеуі деп білемін.

Жыртық шалбар, сөлекет көрінер джинсы, қысқа етекте көйлектер, әурет жерлері ашық киім үлгілерін киген жастар дәстүрлі дүниеге мойын бұрғысы келмейді. Рухани өрісі емес, үстіндегі киіміне қарап сын айтсаң: «Қазір



Тіл тағдыры – ел тағдыры

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.

«Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ азамат болады» – деп халқымыздың біртуар перзенті Мұхтар Әуезов тіл жайында айтқан. Тіл туралы айтудан және жазудан ешқашан да жалықпау керек.

Бауыржан Момышұлының «Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмейуі, не шала білуі мені қатты қыңжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі» деуі тегін айтылған сөз емес. Бүгінде қазақ тілінің қолданысына қарап іштей күйінесің. Өзге ұлт былай тұрсын, орыстанып кеткен өз қазағымыздың қазақша сөйлей алмай тұрғаны көңілге қонымсыз. Өз мемлекетімізде жүріп қазақ тілінде сөйлеуімізге не кедергі? Өзіміз ана тілімізді сыйламай тұрғанда өзге ұлт қазақ тілін қалай құрметтесін? Ана тіліміздің қадір-қасиетін арттырып, дамыту халқымыздың қолында. Қазіргі таңда қолданыстан қалып, жойылып кетуі мүмкін тілдер бар.

Сол себепті, әр азамат өз тілін құрметтеп қана қоймай, дамы-

туға әрекет етуі керек.

Тіл – ол атадан балаға сақталатын баға жетпес асыл қазына. Әр азамат көп тіл білгені, өзін дамытқаны абзал. Бірақ қазақ халқында «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте» деп Бауыржан Момышұлы бекер айтпаған. Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі, ең әдемі тіл – француз тілі деп жатады. Біздің яғни, жас ұрпақтың мақсаты осы аталған мемлекеттік тілдер қатарына өз ана тілімізді қосу. Ол үшін қазақ тілде еркін сөйлейтін, құрметтеп, насихаттай білетін ұрпақты тәрбиелеуіміз қажет.

Қазақ халқының қазірге кезде басты кемшілігі өз тілімізді өзіміз қадірлей алмауымызда. Халқымыз тілімізді қаншалықты құрметтейтін болса, басқа шет мемлекет алдында соншалықты дәрежесі биік болатын еді. Сол себепті әрбір азамат тілдің өркендеуіне үлес қосса, әлемдегі тілдер қатарынан ойып тұрып орын алуымыз әбден мүмкін. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін естен шығармайық!

А.БАЗАРБЕКОВ,
Сапақ орта мектебі
директорының
орынбасары.



ҚЫЗДАР ВАКЦИНАЛАНАДЫ

Биыл қыркүйек айынан бастап қыздарды адам папилломавирусына қарсы вакциналау жүргізіледі. Бұл жайлы Бейсен Құранбек атындағы Журналистер үйінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жанета Нұрманбетова айтты.

Адам папилломавирусы (АПВ) – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді. Көптеген адамды бұл вирус алаңдатпайды, бірақ кейбір папилломавирустар сүйелдерге немесе қатерлі ісікке әкелуі мүмкін. Папиллома вирусы адамнан адамға тұрмыстық байланыс және жыныстық қатынас арқылы берілуі мүмкін.

ДДҰ мәліметі бойынша, 95%-дан астам жағдайда жатыр мойны обырын адам папилломавирусы тудырады. Жатыр мойны обырының 70%-ы АПВ-ның екі жоғары онкогенді түрімен шақырылады.

АПВ бар әйелдерде жатыр мойны обырының даму ықтималдығы АПВ жоқ әйелдерге қарағанда 6 есе жоғары.

Бұл вирусқа қарсы алғашқы вакцина 2006 жылы тіркелген. Бүгінгі күнге дейін вакцина тиімділігін көрсетті. Вакцина енгізілген елдерде ЖМО-мен ауру қаупі 70-90%, тік-ішектің қатерлі ісігімен ауру қаупі 77%, ерлер мен әйелдердің жыныс мүшелерінің қатерлі ісігі даму қаупі 96-99%-ға төмендеді.

Ең тиімді қорғаныс – вакциналау. Вакцинамен қорғануға болатын – жалғыз қатерлі ісік – ЖМО. Халық-аралық тәжірибеде жүзден астам елде, соның ішінде ұлдар арасында АПВ вакцинасы енгізілген. Бұл мемлекеттерде жатыр мойны обыры 90%-ға азайды.

Айғаным АЙТМҰХАН,
журналист.



қолданып жатқан шетелдік сөздерді естігенде өзің ұяласың.

Қадыр Мырза Әлі: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»,- деп бізге ұлағатты сөз қалдырды. Қазағымыздың қазынаға толы тарихы мен көркемдігі қою шығармаларын оқымаудың салдарынан, бүгінгі жастардың тіл байлығы төмен екенін жасыра алмаймыз. Соның салдарынан қазақ тілі тек диалог құрудың ғана құралына айналғандай көрінетіні бар.

Өткенге көз жүгіртетін болсақ, батырларымыздың ерліктері, ата-бабамыздың арман еткен егемендігі қолымызда тұр. Қаншама жыл озбырлық көріп, ұлы күрестер жүргізудің

XXI ғасыр ғой, заманнан қалмауымыз керек» деп ақталатындар да бар. Осындайда замандастардың талғам таяздығына, ұлтты сүйемін деп балауса көңілмен жалаң ұранға басатынына іштей қынжыласың. Ұлтты сүйю – елді рухани болмысынан ажыратпау, тілін, дінін, ділін құрметтеу, қазақы қалыптан айнымау емес пе?!

Осы орайда қатарлас, замандас жас достарымды салиқалы бабалар салған сара жолмен жүруге шақырғым келеді. Өйткені біз тектілердің сарқытымыз. Бабалар айтқандай ұлттың болашағы біздің қолда деп білемін.

Беназир ТАЛҒАТОВА,
түлек.

Ерекше жандар да қоғамның бір мүшесі. Олардың мүмкіндігі шексіз. Бірақ осы кембағал жандарды қоғам қалай қабылдап жүргенін күнде көзімізбен көріп жүрміз. Мені алаңдата-тын осы мәселе.

Сіз оқырман, өзіңізге: «Мен арбаға таңылған я болмаса ерекше күтімді қажет ететін балаларды көргенде қандай сезімде боламын?» деген сұрақ қойып көрдіңіз бе? Егер жоқ болса бір минут осы турасында ойлаңыңызшы. Әрине, көпке топырақ шашпаймыз, бірақ аяушылық пен қорқыныш сезімі қатар сезілетінін мойындайықшы. Қанша жерден жанымыз ашып, аяушылық сезімі жүрегімізді жарып бара жатса да бойымызда қорқыныш басымдық беретіні өтірік емес. Бұл – біздің үлкен қателігіміз. Оны білдіргіміз келмесе де жасыру мүмкін емес. Ал осыны сезген, көрген, байқаған баланың сезімі туралы ойлап көрдіңіз бе?! Жаны жабыр-

Өмірге құштарлық



қау, тәні кем пенде қысылып, өзін өзгелерден төмен сезінетіні анық. Олардың жанарындағы мұң тым терең. Кедергісіз келешек деп аламыз да кедергіні он екі мүшесі сау біздер жасайтынымыз өкінішті.

Баласының дертпен тууына ата-ана кінәлі емес. Ешкім баласының қиналғанын қаламайды. Аналарымыздың: «Баламның табанына кірген тікен менің маңдайыма кірсін» – деуі осының дәлелі. Сө-

бидің тәтті үнін дүниеде еш нәрсе алмастыра алмайды. Талай жанның өмірін өзгертіп, ата-ана бақытын сездірген баланың аман-сау болғанын әрбір әке-шеше тілейді. Ал тағдырдың тәлкегімен өмірге кемтар болып келіп жатқан балалардың ата-анасының жай-күйін есте түсіну өте қиын. Жанын шүберекке түйіп жүріп, баласын аяққа тұрғызсам деп шырылдап жүрген ана жүрегіне салмақ салмауымыз керек. Біз мүсіркеп ия болмаса үрейленіп қараудың орнына, оларға өзгелермен бірдей болуға, жұмыс істеуге, демалуға, қоғамдық өмірге араласуға мүмкіндік беруіміз тиіс. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан да барлық жағдай жасалуда. Бірақ біз адами тұрғыда бір-бірімізге мейірімді болайықшы. Ең бастысы, ерекше балаларға де-

ген қоғамның көзқарасын, пікірін өзгерту қажет. Оларды бөлмей, керісінше, сау баламен теңдей көруді үйренейікші.

Көп адам осы өміріне разы болмай жататыны белгілі. Он екі мүшесі сау болса да «алма піс, ауызға түс» деп шіреніп жүргілері келеді. Бірақ өмір мұндайлардың еркелігін көтермейді. Ал ерекше жандардың өмір сүруге деген құштарлығын, алға ұмтылысын ешкіммен салыстыруға келмейді. Олар «мен мүгедекпін, маған көмектес» деп өмір сүруін тоқтатпайды, алға ұмтылады, сенімін жоғалтпайды. Қиындық келсе жігерленіп, еңсесін түсірмейді. Олардың іс-әрекетін көргенде мүмкіндіктің шегі жоқ екенін түсінесіз. Міне, бұл жандар бүгінгі тілмен айтқанда нағыз – мотиваторлар.

Маржан АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
ЖУ білімгері.



Гордиться своей Родиной и быть патриотом страны

Казахстанский патриотизм — это веское основание гордиться своей Родиной, которая одной из первых на постсоветском пространстве вырвалась вперед и строит новое государство, удивляя своими амбициозными, масштабными преобразованиями не только зарубежных политиков, лидеров государств, но и своих соотечественников. Сейчас много говорят о воспитании казахстанского патриотизма. В чем смысл этого понятия? Каковы его главные принципы? За последние полтора десятилетия новейшей истории Казахстана, пожалуй, ни одна идеологическая ценность не подвергалась таким переосмыслениям, а следовательно, испытаниям, как патриотизм. Характерной чертой перестроечного времени стало крушение различных догм и постулатов. Предполагалось, что патриотизм — отжившая ценность, мешающая строить новое демократическое общество, свободное от прежних стереотипов. На какой-то период для значительной части нашего общества «нажива» стала новой идеологией. Прошло некоторое время. Появились новые государства со своей государственной программой. Не стала исключением и наша Республика Казахстан.

Оказалось, что без патриотизма невозможно построить новое сильное государство, привить людям понимание их гражданского долга и уважения к закону. Только собственный труд станет источником благосостояния, а государство должно создать для этого должные условия. Само понятие патриотизма имеет очень глубокое значение.

Чувство родины — святое чувство. Где бы человек ни находился, родная земля питает его некой энергетикой. А любовь к Родине усиливает эту связь, чувствует себя сильным, его куда сложнее сломить. Поэтому во все времена высылка из страны без права возвращения обратно являлась одной из самых суровых мер наказаний, сравнимой лишь, наверное, со смертной казнью. Любовь к Родине так же таинственна по своей природе, как и любая другая. Патриотом нельзя стать вдруг, после какого-то события. Патриотизм закладывается постепенно в сознании. Сначала он воспитывается в семье и школе. Патриотизм формируется традициями и всем укладом жизни народа, усилиями общества.

Патриотизм — это не просто стоять петь гимн своей страны... Патриотизм — это когда ты из

последних сил трудишься на благо своей Родины, своей страны в непростых для неё ситуациях, в моменты судьбоносных испытаний, защищаешь её, чтешь традиции, соблюдаешь законы. Без заботы о собственной национальной экономике, росте отечественных производителей, опоры на собственные силы невозможно улучшить жизнь людей. Без уважения к собственной истории, к делам и традициям старших поколений невозможно вырастить морально здоровую молодежь. Без возрождения национальной гордости, национального достоинства невозможно вдохновить людей на высокие дела. Вспомним историю. В ходе Великой Отечественной войны, когда решался вопрос о судьбе молодого Советского государства, народ и армия проявили небывалый по силе патриотизм, который явился основой духовно-нравственного превосходства над фашистской Германией. Вспоминая тяжелые дни сражения за Москву, маршал Георгий Константинович Жуков отмечал, что «не грязь и не морозы остановили фашистские войска к столице. Не погода, а люди, советские люди! Их стремление отстоять Родину и величайший патриотизм поднимали людей на подвиг».

Драка или вражда с соседом, нападки членов одной партии на членов другой, болельщиков одной футбольной команды на болельщиков другой, алкоголизм, наркомания, неуставные отношения в армии, коррупция, казнокрадство — всё это элементы проявления различных форм непатриотизма.

О патриотизме судят не по словам, а по делам каждого человека, думать о своем долге, о будущем Казахстана, это ли не патриотизм?

Таким образом, настоящим патриотом можно считать только такого человека, постоянно работающего над своим физическим и моральным обликом, образованием, образом жизни, культурой поведения, имеющего нормальную семью, почитающего своих предков, растящего и воспитывающего в лучших традициях своих потомков, содержащего в надлежащем состоянии свое жилище, подъезд, дом, двор, работающего во благо своего Отечества, участвующего в общественных мероприятиях, направленных на объединение сограждан в целях достижения важных для страны задач. Особую роль в формировании чувства патриотизма играет пропаганда государственных символов Республики Казахстан — Государственного Флага, Государственного Герба, Государ-

ственного Гимна. Поэтому традиционным в нашей стране стало проведение массовых молодежных акций «Это наш Флаг!», «Это наш Гимн!», которые проходят ежегодно.

Казахстанский же патриотизм — это нечто особое, так как речь в данном случае идет об отношении многонационального народа Казахстана к одной, общей для множества народов Родине. Исторически так сложилось, что Казахстан стал многонациональным государством. Интернаци-

онализм казахстанского патриотизма достоин больших похвал и особой гордости за то, что ни в одной из республик на территории постсоветского пространства нет такой авторитетной общественной организации, как Ассамблея народа Казахстана, Статус этого общественно-политического движения очень велик, ведь многие потомки переселенцев считают Казахстан своей Родиной, Казахстанский патриотизм мы воспитываем на уважении к языкам и культуре других этносов.

